



## Б.Р. ЕСІМСЕЙТОВ

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясының  
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер  
кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент

# ЗАҢГЕРДІҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

## Түйін

Мақалада заңгердің тілдік құзыретін қалыптастырудағы кейбір мәселелер және осы мәселелерді шешу жолдары айтылады.

**Түйінді сөздер:** құқық, заң терминтанымы, заңнамалық лингвистика.

## Аннотация

В статье говорится о некоторых проблемах формирования языковой компетенции юриста и путях решения данных проблем.

**Ключевые слова:** право, юридическая терминология, законодательная лингвистика.

## Annotation

Some problems of forming of language competence of a lawyer and solution ways of these problems are considered in this article.

**Key words:** law, law terminology, legislative linguistics.

Егемендік алған 25 жыл ішінде елімізде мемлекеттік тілдің дамуына оң әсер ететін игі істер көптеп жасалуда. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [1] іске асырудағы іс-шаралардың жоспарлы орындалуы көңілге қонады. Екінші кезеңі аяқталғалы отырған аталмыш бағдарламаның жоспарлары қоғамдық қолдауға ие болып отыр. Оған ҚР Президентінің 04.12.2015 № 126 Жарлығымен енгізілген өзгерістер атап айтқанда, «қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай – 100%)» нысаналы индикаторлардың пайыздық жоғарлауы дәлел. Тілдік талаптардың күшейгендігін және қоғамның осы талаптарға сай болуға талпыныстарын байқаймыз. Дегенмен, әлі де салалық бағытта жасалу керек шаралар жетерлік.

Межелі бағытты көздеген Елдің еңселі екендігін танытатын бірден-бір құралы мемлекеттік тілдің бүгінгі салалық жағдайы. Осы мәселе төңірегінде ғалым Ш. Құрманбайұлы: «Кез-келген саланы белгілі бір ұлттың тілінде сөйлету үшін ең алдымен сол саланың кәсіби тілі, кәсіби тілдің өзегі болып табылатын салалық терминологиясы болу керек. Сосын, осы тілдерді жетік қолдана отырып сапалы қызмет жасайтын мамандар қауымы қалыптасуы тиіс. Елімізде ең көп дайындалатын мамандардың бірі

– заңгерлер. Өкінішке қарай, біздің елдегі қабылданған заңдардың басым көбі орыс тілінде дайындалып, соңынан қазақ тіліне аударылады», - дейді [2]. Бұл мәселенің ащы да болса бүгін де күн тәртібінен түспей тұрғандығы бәрімізге аян.

Сонымен, сөзді екі бағытта қолданамыз. Бірінші төл туынды ретінде, яғни ана тіл ретінде. Екінші, белгілі бір тілді екінші тіл арқылы жеткізу мақсатында, яғни аударма тіл ретінде. Бірінші жағдайда сөйлеуші мағынасы бар кез-келген сөзді еш салыстырусыз, талдаусыз-ақ тыңдаушысына жеткізе алады. Тыңдаушы да оны түсінетіндей жағдайда. Екінші жағдайда мәселе мүлдем өзгеше, бұл жерде дайын сөздерді құрастырып сөйлей салудан басқа, түсіндіру, ұғындыру қызметі басым болады. Себебі, тыңдаушы басқа ұлт өкілі болғандықтан, жеткізу сол адамның ана тіліне аударылып жатқандығы ескеріледі. Тыңдаушы айтылған ақпаратты дұрыс түсінуі үшін сөздердің аудармасы тура таңдалуы қажет. Әсіресе ғылыми, ресми ісқағаздар стилінедегі мәтіндерді қолданушы кәсіп иелері үшін қажет.

Тумысы мен болмысы бөлек ұлт өкілдері арасындағы тілдің ерекшеліктерінің болуы заңды құбылыс. Оны әркім түсінеді. Бірақ, мәтін аудармасының мағынасы тең болуы шарт.

Кейінгі уақытта жиі айналысып жүрген заң мәтіндеріндегі кейбір мәселелерге тоқталғым келеді.

1) тыңдаушылар қазақ тілінде жазылған заң мәтіндерін түсіне бермейтіндігін жиі айтады.

2) оған «қосымша» оқытушылар да: «түсініксіз болса орыс тіліндегі нұсқасын оқып алыңыз», - дейтін көрінеді.

Бұдан өзінің ана тілінде жазылған мәтіннің мағынасын түсінбей өзге тілде жазылған нұсқаны оқу арқылы санасына сіңдіре білетін азаматтарды тәрбиелеп шығарып жатқандығымыз қынжылтады.

Мен түсінемін, заң мәтіндері орыс тілінде дайындалады, бірнеше сатылы сараптамадан да орыс тіліндегі нұсқасы өтеді. Содан кейін мәтіннің дайын күйіндегі айлап, апталап жазылған нұсқасы күндіз мерзіммен аудармашыларға беріледі. Аз мерзімде бір бөлімде отырған бірнеше аудармашыға бөлініп берілген заң мәтінінің қазақша нұсқасы синонимдік қатары нақтыланбаған, жарыспалы нұсқада әзірленген сөздіктер көмегімен аударылып, қол қойылып, бекітіліп, бұқараға таратылады. Бұқара қазақшаны түсінбей, орысша мәтінді оқып, қызметте қолданады. Бұл мәселенің ащы да болса бары бәрімізге аян. Олай деп айтуға бұрынғы Қаржы полициясы академиясына біліктілігін арттыруға келген қызметкерлерден алынған сауалнама дәлел. Мәселен, «қызмет барысында қажетті заң, т.б. негізгі құжаттардың қай тілдегі нұсқасын оқисыз», - деген сауалға сұралған қызметкерлердің 75 пайызы орыс тіліндегі нұсқаны, себебі қазақша нұсқасы түсініксіз, 25 пайызы қазақ тіліндегі нұсқаны оқитындығын көрсетті.

Мемлекеттік тілдің бүгінгі сипатталған салалық жағдайына кім жауапты немесе кім кінәлі? Заң мәтіндерін орыс тілінде дайындағандар ма, әлде дұрыс аудармағандар ма? әлде қол қусырып, «жоғарыдан солай келген», - деген жалаң сөзді ұран еткен қызметкерлер ме?

Бұған кінәлі: мен, сен, сіз, олар. Жас маманның кәсіби тұрғыдан сөздік қорын дұрыс қалыптастырмағын Мен. Күнделікті заң мәтінімен жұмыс жасай отырып, ондағы қателікке жол берген әрбір қызметкер, яғни Сен. Аудармашы мамандардың кәсіби шеберліктеріне талап қоя білмеген, оларға әдістемелік т.б. жағдай жасай алмаған басшы Сіз. Жалпы алғанда осы салада жүрген әрбір қызметкер Олар кінәлі. Бұл бір адамның немесе бір басшының, бір ұжымның кінәсі деп айтуға мүлдем болмайды.

Одан қалды, өздеріңіз жақсы білесіздер, бүгінде ЖОО-ның қазақ топтарында оқитын студенттер саны ұлттық топтарға қарағанда анағұрлым көп. Бұл көрініс те қазақша білім алғысы келетін жастарға тілдік жағдай, тілдік ғылыми ортаны қалыптастырудың



қажеттілігін аңғартады. Сондықтан ғалымдар ғылыми еңбектердің қазақ тілінде жазылуына қол ұшын берулері керек. Себебі, көптеген жоғары оқу орындарында оқып жүргендердің басым көпшілігі магистрлік және докторлық диссертацияларын орыс тілінде жазып жатыр. Қазақ топтарында оқыған студент неге магистрлік және докторлық диссертацияларын орыс тілінде жазады? Бұл жердегі басты себеп мүмкін сылтау: «Қазақ тілінде жетекшілік жасайтын профессорлық құрам аз». «Қазақ тілінде материалдар жоқ». Осы сылтауды айтып жүрген мынау деп Сіздерге әкеп көрсетпейтіндігімді алға тартып, осы айтылған шындыққа шамданып, олай емес деген уәж айтатындар да табылады. Мен оны түсінемін. Бірақ адамнан жасырғанды, құдайдан жасыра алмайтындығымызды ойлауымыз керек. Олқылықтың, мәселенің бар екендігін түсіне отырып, оны жөндеудің жолын іздеу қажет. Енді өзіңіз ойланыңыз? Бұл жерде де кім кінәлі. Тағы да өзіміз.

Әр кінәлі өзінің кінәсін жақсы біледі, түсінеді. Енді осы бағытта бекітілген мерзімді күтпей осы қателіктерді, кемістіктерді жою, орнын толтыру мақсатында қызмет жасалуы керек.

Бүгінде айналымда «Заң терминдерінің сөздігі», - деп аталатын үлкенді-кішілі 30-ға тарта сөздік бар. Олар бір-бірінен таралымы, қамтыған сөз саны жағынан ғана емес, терминдердің түрліше аударылуымен, орфографиялық жүйесіздігімен, стилдік тұрақсыздығымен де ерекшеленеді. Дегенмен, сөздіктер қандай жағдайда болсын, ең бастысы, бар. Сыналатын уақытында бірнеше сөздіктер сын көзінен де өтті. Кезінде жоқтан бар жасаған сөздік авторларына алғыс айта отырып, осы авторлармен және басқа да ғалымдармен бірге сөздіктердің сапасын арттыру қажет.

Проблеманы шешудің жаңа талаптары ретінде: сөздік құрастыруда әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің үлгілерін, халықаралық терминдерді пайдалану және заңи тілдік тарихи мұраны қайта жаңғырту, бекітілген заң терминдерін бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану жиілігіне тұрақты мониторинг жасау, заң мәтіндерінде кездесетін сөздерді негізгі тілдік қағидаларға сәйкес бірнеше аспектіде: түсіндірме, сөзжасам, аударма, этимология, термин, фразиология, синоним, омоним, антоним, орфоэпия, орфографиялық нормаларына сәйкес ретке келтіру, жеке-жеке академиялық сөздіктер жасау арқылы жүйелі қалыпқа келтіру жұмыстарын жандандыру. Сонымен қатар, заң терминологиясының бірыңғай электрондық базасын құруды ұсынар едік.

Заң саласы ғана емес барлық ғылым, кәсіп саласындағы тілді жетілдіру үшін міндетті деп алынып отырған кәсіби тілді оқытуға арналған «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің де бағдарламасын толығымен өзгерту керек. Кейінгі екі жылда «Кәсіби қазақ тілі» деген атаумен жарық көріп жатқан оқу құралдарының да кемшілігі шаш етекпен. Не мақсаты айқындалмаған не міндеті нақтыланбаған бұрынғы практикалық қазақ тілдеріндегі грамматикалық жаттығулар мен ескі мәтіндерді көшіріп алумен шектелген оқу құралдарының заманы өткендігін түсінетін кез келді. Тағы бір мәселе аталған пән қай топтарға оқытылуы керек деген сұрақты да шешіп алған жөн. Бүгінге дейін қалыптасқан сызба бойынша оқытылуда. Ол төмендегіше: Орыс тобына - кәсіби қазақ тілі, қазақ тобына – кәсіби орыс тілі оқытылуда.

Кәсіби қазақ тілін оқыту бағдарламасын құрушылар біліктілік талапты көтеру керек. 50-60 сөзден тұратын мәтінді жаттатып, бағалауды тоқтатып, 50-60 сөзден тұратын мәтінді өздері құрап, ойларын анық жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу керектігін басшылыққа алу керек. Тілдік құзеттілікті жоғары көтеру арқылы мемлекеттік тілді ЖОО қабырғасында толық меңгеріп шығуды мақсат ету керек. Осы пән маманды мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтайтын, бағалайтын құзіреттікке ие болуы керек. Кәсіби қазақ тілі пәнін Қазтест бағдарламасы негізінде де оқытуға болады. Осындай-осындай ірілі-ұсақты мәселелерді жөнге келтіріп, дамытқан жағдайда ғана заң ғылымының тілі мемлекеттік тілде таза сөйлейтіндігіне мен сенемін.

Сөз мағынасын орынды қолдану «шешім, жаза, үкім» шығаратын заң саласы үшін

ауадай қажет. Бұл өз кезегінде адам құқығы мен бостандығына араша болар заңгерге сөз мағынасын дұрыс ұғынту мәселесін кешіктірмей қолға алу керектігінің дәлелі. Болашақ заңгердің мемлекеттік тілде заң мәтіндерін оқып, түсіне алуына және сол тілде шешен сөйлеу қабілетіне ие болуына апарар тура жол болады деген тұжырым жасағымыз келеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы.

2. Құрманбайұлы Ш. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу және заң терминдерінің қолданылу ерекшеліктері // BAQ.KZ. -Астана. 2013 жыл 27 қыркүйек.

